Рымғали Нұрғали,
ҚР ҰҒА академигі, филология
ғылымдарының докторы, профессор

ӘДЕБИЕТТАНУ ӘЛЕМІНДЕГІ БАРЛАУШЫ

Біздің әдебиеттану ғылымында сатира мен юморды зерттеп, кешегісі мен бүгінгісіне барлау жасап, ертеңгісіне ой жүгіртіп отырған ғалымдарымыз тым аз, тіпті, жоқтың қасы. Қазақ совет әдебиетіндегі осы жанрдың қалыптаса бастауынан бері қамқоршысы болып, сатира мен юмордың қашан да басы-қасынан табылып жүрген жанашыр ғалымымыз – филология ғылымдарының докторы, профессор Темірбек Қожакеев.

Ол сатира мен юморды зерттей бастағаннан бері үлкенді-кішілі біршама еңбектер мен монографиялар жазды. Осы орайда ғалымның «Сатира және дәуір» аталатын монографиясы «Жазушы» баспасынан 1976 жылы жарық көрген. Бұл монография қазақ сатирасы проблемаларына арналған алғашқы көлемді еңбек болатын. Бұған дейін қазақ әдебиетінде сатира, оның түрлері туралы, пайда болу, қалыптасу және даму заңдылықтары туралы көлемді проблемалық мақалалар да жоққа тән еді. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы осы олқылықтың орны, алдымен, жоғарыда аталған монографиямен толтырылды. Мұның өзі ғылыми тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да елеулі, маңызды іс болды. Өйткені профессор Т.Қожакеевтің аталған монографиясы, бір жағынан, қазақ сатирасының бірқатар мәселелерін екшеп, саралап, оның даму жолдарын, өсіп-өркендеу бағыттарын белгілеп берсе, екіншіден, қазақ сатирасы әдеби-ғылыми ойлардың жинақталуы мен

қалыптасуы, дамуына да үлкен ықпал етті. Сөйтіп, Т.Қожакеев өзінің «Сатира және дәуір» атты монографиясымен қазақ әдебиеттану ғылымында маңыз-мәні жоғары жаңа ғылыми бет-бағдар ашқан. Содан бері он жыл өтіпті.

Творчестволық белсенді еңбекпен өткен бұл жылдар ғалым үшін де жемісті, нәтижелі болды. Студенттерге арналған оқулықтары мен оқу құралдарынан басқа Т.Қожакеев «Адам. Қоғам. Сатира», «Сатиралық жанрлар», «Сатира – күштілер қаруы» секілді бірнеше еңбектер жариялады.

Алғашқы кітабында қазақ совет сатирасының туып, қалыптасу жолдарын анықтап, даму кезеңдерін белгілеп, жүйелеп алған соң, зерттеуші кейінгі ізденістерін мүлде тың, қиын да күрделі бағытта жүргізеді. «Адам. Қоғам. Сатира» еңбегінде автор жанрдың түпкі бастау-көздерін, шығу тегі мен қалыптасу арналарын зерттеді. Зерттеу нәтижесінде халық творчествосындағы қоғамдық таптық тенденцияның сатираның тууындағы жетекші рөлі анықталады. Бұл бағыттағы ізденістерінде автор XX ғасырдың басындағы қазақ сатирасының жай-күйін сараптай отырып, толғамды ой-пікірлерін айтады. Әсіресе, қазақ сатирасының даму тарихында Абайдың алдындағы, Абайдың тұсындағы және Абайдан кейінгі әдеби материалдар негізінде мейлінше терең, тиянақты дәлелденді. Ал «Сатиралық жанрлар» атты еңбекте қазақ сатирасының түрлері тағы да кең, жан-жақты қарастырылып жүйеленді. Сатираның мысал, пародия, эпиграмма, карикатура, шарж, сықақ секілді поэзиялық және фельетон, памфлет, сатиралық әңгіме, юморлық әңгіме, сатиралық повесть, сатиралық роман секілді прозалық жанрларына тән дара және жалпы сапалық белгі-қасиеттері анықталып, сол жанрлар жайы сөз болады. Т.Қожакеевтің «Сатира – күштілер қаруы» атты жаңа монографиясында сатираның жанры мен поэтикасының, көркемдеуші құралдары мен

жинақтау тәсілдерінің проблемалары, қоғамдық-өзгертушілік күші мен таным-тәрбие тарапындағы мәні зерттелген.

Сатираның тәрбиелік мәні туралы талдаулар мен жинақтаулар кітаптың жеке тарауын құрайды. Ол – «Сатира – тәрбие құралы». Тарауда үкіметіміздің саяси-тәрбие, ағарту, идеология саласындағы директивалық документтерін негізге ала отырып, автор социализмнің іргелі жеңістерін творчестволықпен, шебер насихаттауда, жаңа адамды тәрбиелеуде және мемлекеттік мүлікті жеке бас мақсаттарына пайдалану, талан-таражға салу, алып-сатарлық, тоғышарлық пен бюрократтық, басқа жағымсыз қоғамның ілгерішіл талаптарына жат, қайшы, кертартпа қылықтар мен құлықтарға қарсы күресте сатираның атқаратын белсенді рөлі туралы нақты практикалық маңызы бар тұжырымдар мен топшылаулар жасайды.

Автордың бірқатар теориялық пікірлері кітаптың «Қазіргі қазақ сатирасы» және «Бүгінгі сатира сыны» тарауларында топтастырылған. Тарауларда қазақ сатирасы мен оның сынының қазіргі жайы және даму бағыттары мен перспективалары туралы сөз болады. Сатиралық өнердің мазмұны мен мәні, алымы мен қарымы, пәрмеңділігі, негізінен, көркем творчествоның бұл саласына қатысты теориялық білім мен сатириктің белсенді, сергек творчестволық әрекетінің тереңнен табысқан бірлігі мен тұтастығына тәуелді екендігін де Т.Қожакеев қапысыз аңғарған. Аңғарып қана қоймай әдебиеттану ғылымын бұл бағытта да ғылыми мәні бар ой-тұжырымдармен байыта алған. Бұл ретте сатираның әлеуметтік қасиеті, қоғам дамуы барысында өмірлік жағдайлардың өзгеруіне байланысты күлкілі құбылыстар да, күлкінің мәні мен ол туралы ұғымның да жаңа сипат алып, соны сапа табу жолдары жайындағы ой қорытулар ерекше назар аударуға лайықты. Сондай-ақ, сатириктің тақырыптық-проблемалық ізденістеріне, тілі мен стиліне, сюжет табу, композиция құру шеберлігіне қатысты ұсыныстар мен талаптар да мәнді. Мына бір үзіндіге көңіл аударайық: «Сатира тілдің зілді,

уытты, кекесінді болуын талап етеді. Сатира әр сөздің сыңғырын, дыбысын естуге міндетті. Бұл үшін онда музыкалық құлақ болуға тиіс. Бірақ өткір де түйрей жазу – сатираға «тентек» сөздер мен «тізгінсіз» тіркестерді, бейбастақ пікірлерді тықпалай беру деп түсінбеу керек. Олай ету – өткірлік емес, «оспадарлық», – дейді автор (Т.Қожакеев. Сатира күштілер қаруы, 147-бет).

Зерттеуші белгілі бір күрделі құбылысты құрайтын мәселелерді жеке-дара алмай, оларды өзара тығыз байланысты қарастырады. Бұл тәсіл автордың әдеби құбылыстарды талдау және жинақтау әдісіне тән ең басты сапалық көрсеткіштердің бірі болып табылады. Монографияда ғалым қазақ сатирасының проблемаларын олардың өзара байланысу, сабақтасу бағыттары, өзара тоғысу жүйелері арнасында зерттейді.

Сатира және юмор! Жеке тұрғанда-ақ осы сөздер астарында қаншама мағына жатыр. Ғалым-сыншы зерттеу кітаптарында, міне, осы жанр ерекшеліктеріне айрықша тоқталады. Бұл ретте біз әңгімелеп отырған еңбектер қазақ сатириктеріне, күлкі, мысқыл табиғатын таразылаумен бірге кітапқұмарлар үшін де көмекші құрал бола алады. Қазақ сатирасының табиғатына кеңінен барлау жасаған бұл толымды кітап зор еңбектің жемісі десек артық айтқандық болмайды.

Дерек көзі:
Темірбек Қожакеев: Ұстаз. Ғалым. Қайраткер. Естеліктер / Құраст. Мадет Қожакеев. – Алматы: «Мирас» баспасы, 2016. – 40-43-беттер.